

Септеуліктер — белгілі бір септікте тұрған сөзбен ғана тіркесіп қолданылады. Сөздерді сабактастыра (бағындыра) байланыстырады. Септеуліктер мезгіл, мақсат және себеп-салдар мағыналарын айқындаپ, сөзден кейін қолданылады. Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, кейбір етістік түрлерімен тіркесе алады.

Послелоги применяются только со словом, находящимся в определенном падеже. Связывают слова подчинительной связью. Послелоги выражают временные, целевые, причинные значения слов и находятся после слова. Могут сочетаться с именами существительным, прилагательным, числительным, местоимением и некоторыми формами глагола.

Сочетание послелогов с падежами:

Атау септікті менгеретін септеуліктер	<ul style="list-style-type: none"> ▪ үшін ▪ сайын ▪ сияқты ▪ туралы ▪ арқылы ▪ бойы, бойымен ▪ шамалы, шақты, қаралы
Барыс септікті менгеретін септеуліктер	<ul style="list-style-type: none"> ▪ дейін (шейін) ▪ қарай, таман ▪ салым, тарта, жуық, таяу
Шығыс септікті менгеретін септеуліктер	<ul style="list-style-type: none"> ▪ ғөрі ▪ бері ▪ кейін ▪ соң ▪ бұрын ▪ бетер
Көмектес септікті менгеретін септеуліктер	<ul style="list-style-type: none"> ▪ қатар ▪ бірге ▪ қоса

Септеуліктер деп объекті мен объектінің не предикаттың арасындағы түрлі грамматикалық қатынастарды білдіру үшін қолданылып, белгілі бір септік жалғауын менгеріп тұратын көмекші сөздерді айтамыз.

Атау септікті менгеретін септеуліктер.

а) үшін сеп теулігі негізінде атау септік формасындағы зат есімдермен, есімдіктермен, -с (-ыс, -іс), -у формалы қимыл атауларымен, -мақ (-мек), -ған (-қан, -ген, -кен) формалы есімшелермен тіркесіп жұмсалады да, оларға көбінесе себеп, мақсат, арнау мағыналарын жамайды. Ал үшін септеулігі

негізінде **-у, -мақ (-мек, -бак, -бек, -пак, -пек)** формалы сөздерге және **-мас (-мес, -бас, -бес...)** формалы болымсыз есімшелерге тіркескенде максаттық мағына береді.

ә) сайын септеулігі зат есімдермен, өте-мөте мезгіл атауларымен және **-ған (-қан, -кен, -ген)** формалы есімшелермен тіркескенде, ол сөздерге даралау, саралау мағынасын үстейді немесе белгілі бір іс-әрекеттің дүркін- дүркін қайталанып отыруын я үдей тұсуін білдіретіндегі қосымша мағына жамайды.

б) сияқты септеулігі сөйлемде зат есіммен, есімдікпен, қымыл атауларымен, түйік етістікпен және **-ған (-қан, -ген, -кен), -тын (-тін)** формалы есімшелермен тіркесіп қолданылады да, негізінде ұқсату мағынасын білдіреді.

в) туралы септеулігі көбінесе зат есіммен, есімдік және қымыл атауымен тіркесте белгілі бір хабар, ой - пікір, зат я іс-әрекет жөнінде айтылатынын аңғартады.

г) арқылы септеулігі зат есіммен, есімдікпен жән« қымыл атауымен (түйік етістіктермен) тіркесіп, оларға «көмегімен», «жәрдемімен» деген сияқты қосымша мағына үстеп, бүтіндей тіркес белгілі бір баспалдақтық, сатылық ұғымдарды білдіреді.

ғ) Бойы, бойымен септеуліктері көбінесе мезгіл мәнді **зат** есімдермен, есімдіктермен **және -ған (-қан, -кен, -ген)** формалы есімшелермен тіркесіп қолданылады да, белгілі бір мерзімнің бас-аяғын камтитында мағынаны аңғартады.

д) Шамалы, шақты, қаралы септеуліктері негізінде сан есімдермен тіркесіп қолданылады да, саның негізгі ұғымына жуық, тарта деген сияқты мөлшерлік мағына үстейді.

е) Ғұрлы (ғұрлым) септеулігі атау формадағы зат есімдермен, есімдіктермен, **-ған** формалы есімшелермен және субстантивтенген өзге де сөздермен тіркеседі де, оларды басқа бір сөзben шенdestіреді.

Барыс септікті менгеретін септеуліктер

а) шейін (дейін) септеулігі зат есімге, көбінесе мезгілдік ұғымдардың атауларына, сан есімге, есімдікке және **-ған (-қан, -кен, -ген)** формалы есімшелерге тіркесіп, мезгілдің, я мекеннің белгілі бір аралық шегін (қатынасын) білдіреді.

ә) Қарай, таман септеуліктері барыс септіктегі зат есімге, соның ішінде мезгіл атауларына, көмекші есімдерге, есімдіктерге және үстеу

сөздерге тіркесіп, белгілі бір мекендік бет алыс пен бағытты және мезгілдік орайды білдіреді.

б) Өз ара мағыналас **салым**, **тарта**, **жұық**, **таяу** сиякты септеулік шылаулар да өздері тіркескен негізгі (атаушы) сөздердің барыс септік формасында түрүүн қажет етеді.

Шығыс септікті менгеретін септеуліктер

а) **гөрі** септеулігі зат есіммен, есімдікпен, кейде **-қан** (**-ған**) **-кен** (**-ген**) формалы есімшелермен тіркесе қолданылып, **бір** затты я құбылысты екінші бір затқа салыстырып, таңдау, талғау үшін жұмсалады.

ә) **Бері** септеулігі негізінде мезгілдік шектің басталуына, кейде тұтас камтылуына байланысты ұғымды білдіреді де, көбінесе мезгіл атауларына, есімдіктерге және **-қан** (**-ған**, **-кен**, **-ген**) формалы есімшелерге тіркесіп, уақыттың я мерзімнің, басталу шегін аңғартады.

б) **Кейін** септеулігі зат есімге, мезгіл атауларына, есімдіктерге, кимыл атауына **-ған** (**-қан...**) формалы есімшелерге тіркесіп, белгілі бір фактінің сонынан болатың мекендік я мезгілдік ұғымды білдіру үшін қызмет етеді және **соң**, **артынан** сөздерімен мағыналас болып келеді.)

в) **Соң** септеулігі колданылу ыңғайына қарай, бірде мезгілдік қатынасты білдірсе, бірде себептік мағынада қолданылады.

г) **Бұрын** септеулігі белгілі бір амалдың я уакиғаның алдын ала болуын білдіру үшін қолданылады.

г) **Бетер** септеулігі белгілі бір іс-әрекеттің бұрын істелген іс-әрекеттен анағұрлым құшті болатынын білдіру үшін жұмсалады.

Көмектес септікті менгеретін септеуліктер.

Көмектес септікті менгеретін септеуліктер — **қатар**, **бірге** шылаулары. Бұлар мағыналас септеуліктер. Олар белгілі бір іс-әрекеттің басқа бір-әрекетпен кабаттаса, жарыса жасалуын аңғартып, **қоса** деген сөзben мәндес форма тудырады.

Аудармашының мақсаты – түпнұсқа мәтіндегі мағынаны дәл беру болғандықтан бір тілден екінші тілге аударма жасағанда грамматикалық мағына да бірқатар өзгеріске ұшырайтыны белгілі.

Қазақ тілінде қандай шылаулар жалғанса да, барлығы да түбірден кейін (постпозициялық) келеді. Ал, орыс тілінде сөз сонындағы шылаулардан гөрі, сөз алды предлогтар жиі қолданылады.

По - бойынша/ жөніндегі	
Агентство Республики Казахстан по делам государственной службы	<i>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі</i>
Агентство Республики Казахстан по управлению земельными ресурсами	<i>Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі</i>
по состоянию на начало текущего года	ағымдағы жылдың басындағы жағдай бойынша
по результатам проверки	тексеріс нәтижесі бойынша
По данным <i>Агентства по статистике Республики Казахстан</i>	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша
по предложению ...	ұсынысы бойынша

в соответствии/согласно – сәйкес/сай	
в соответствии с международным стандартом	халықаралық стандартқа сәйкес
в соответствии с пунктом 1 статьи 22 Закона РК «О государственных закупках»	<i>«Мемлекеттік сатып алулар туралы» ҚР Заңының 22-бабы 1-тармағына сәйкес</i>

на ... годы - жылдарға арналған	
Карта индустриализации Казахстана на 2010 – 2014 годы;	<i>Қазақстанды индустрияландырудың 2010 – 2014 жылдарға арналған картасы</i>